



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024 - 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: Нұра ЖББМ «Айгөлек» шағын-орталығы**

**Балалардың жасы: 4 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек 2024 жыл**

| Айы      | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері  |
|----------|---------------------------|--|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру            | <p>-Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>- Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арканның, тактайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру.</p> <p>-Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тактай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру.</p> <p>-Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту;</p> |
|          | Сөйлеуді дамыту           | <p>- Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.</p> <p>-Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту.</p> <p>-Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>-Жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;</p>   |
|          | Көркем әдебиет            | <p>-Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту.</p> <p>-Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру.</p> <p>-Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету;</p> <p>-Әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан</p>   |

|                                   |  |
|-----------------------------------|--|
|                                   | халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру;  |
| <b>Қазақ тілі</b>                 | Педагог жоспары бойынша  |
| <b>Математика негіздері</b>       | <p>-Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру;</p> <p>-Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>-5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау;</p> <p>-Сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p>  |
| <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> | <p>-Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.</p> <p>-Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу.</p> <p>-Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).</p> <p>-Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру).</p>   |
| <b>Құрастыру</b>                  | <p>-Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау.</p> <p>-Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>-Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>-Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p> |
| <b>Сурет салу</b>                 | <p>- Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту.</p> <p>-Бояулармен, қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.</p> <p>-Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.</p> <p>-Қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту</p>  |
| <b>Мүсіндеу</b>                   | <p>-Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру;-</p> <p>Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу;</p> <p>-Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын</p>  |

|                |   |
|----------------|---|
|                | <p>тәрбиелеу.</p> <p>-Балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>   |
| <b>Жапсыру</b> | <p>-Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.</p> <p>-Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды киюды үйрету.</p> <p>-Барыңша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде ориаластыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Композицияны құрастыру кезінде заттармен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; көлденеңінен кию, шаршыдағы бұрыштарды киюды бекіту.</p> |
| <b>Музыка</b>  | <p>-Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға италандыру;</p> <p>-Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p>-Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). -</p> <p>Музыканың сипатын сезінуге үйрету.</p>  |